

«Құрман орта мектебі » КММ



Ақтөбе облысы Ойыл ауданы
Құрман орта мектебінің педагог-психологының
2024-2025 оқу жылы бойынша психологиялық қызметтің
жылдық жұмысының аналитикалық есебі

Педагог-психолог: Ш.А. Тайборина

2024-2025 оқу жылы

МЕКТЕПТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША 2024–2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Білім беру ұйымының атауы: «Құрман орта мектебі» КММ

Психологтың аты-жөні: Тайборина Шынаркуль Алимовна

Білімі: жоғары

Мамандығы: педагог-психолог

Санаты: педагог-сарапшы

Психолог жүктемесі (сағат): 1ст

Мектептегі еңбек өтілі: 26, психолог мамандығы бойынша 21 жыл

Есеп беру мерзімі: 2024–2025 оқу жылы

I. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Оқушылар саны: 155

Сыныптар саны: 12

Психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары Ақтөбе облысы әкімдігінің «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің қағидалары» 2023 жылғы 17 наурыз №68 бұйрығы негізінде Ақтөбе облыстық тәжірибелік орталығы жанынан құрылған «Әлеуметтік психологиялық қолдау» бөлімінің ұсынған үлгілік жоспарын негізге ала отырып, жұмыстар атқарылуда.

Мектептің проблемасы:

Оқытудың жаңа технологиясын пайдалана отырып, оқушылардың оқу танымдық іс әрекетінің белсенділігін арттыру.

Психологтың өзекті мәселесі:

Психологиялық қызметтің даму мен оқу-тәрбиелеу процесін психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім беру процесіне қатысушылардың денсаулығын қорғау мақсатында, оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру және жүргізу.

Психологиялық қызметтің негізгі мақсаты:

- Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік – психологиялық жағдай жасау.
- Білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.
- Бала дамуындағы әр кезеңдегі жан дүниесінің ерекшеліктерін анықтау.
- Өз-өзіне, қоршаған ортаға деген көзқарасының, қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына жетекшілік жасау.

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:


- Баланың мектепке алғаш келу кезеңін және жаңа жағдайға әлеуметтік - психологиялық бейімделуін зерттеу;
- Психологиялық мәселелерді шешуде және оқу- тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- Баланың интеллектуалдық және жеке тұлға болып қалыптасуын дамыту;
- Оқыту мен тәрбиелеу құндылықтарын арттыру мақсатында баланың оқу және тәрбие процестерін бақылау;
- Мектептегі баланың жағдайын, жаңа әлеуметтік позицияларға баланың даярлығын қалыптастыру

Оқу жылының басында мектептегі психологиялық қызметтің 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары жасақталып бекітілді. Жаңа оқу жылында оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер туралы деректер толықтырылды. 2024-2025 оқу жылындағы жоспарға сәйкес психодиагностика, психологиялық түзету, дамыту, психологиялық ағарту, кеңес, әлеуметтік-диспетчерлік бағытта, 1-11 жалпы сынып аралығында, оқушыларға, педагогтар мен ата-аналарға атқарылатын жұмыстың бағыттары бойынша психологиялық жұмыстар атқарылды.

Қызметтің бағыттары:

Диагностика:

Мектептік мотивация әдістемесі (Н.Г. Лусканова) мақсаты: оқушылардың оқу мотивациясын анықтау. Оқу іс-әрекет мотивациясы оқуға бағытталғандықтан, сонымен қатар таным белсенділігімен және іс-әрекеттілігімен ерекшеленеді. Әдістеме қортындысы бойынша оқушының жүріс-тұрысының мотивтерін білмей, оны тәрбиелеуге болмайды. Өйткені сол бір мінез-құлық, оқушыны ынталандыратын мотивтерге байланысты, түрлі өнегелі ойлы болуы мүмкін. Қазіргі таңда бесінші сынып оқушыларына мектепке қалыпты бейімделуде. Н. Г. Лусканова әдістемесі оқушылардың оқу мотивациясын анықтау мақсатында анкеталық әдістемесі жүргізілді. Қортындысы бойынша мектептері ұнайтындығы, көтеріңкі көңіл-күйде келетіндіктері, кей оқушылар үзілістің ұзақ болмағанын, апайлар қатал болмағанын қалайтындықтарын белгілеген. 5 кл 15 оқушы қатысқан. Оның мотивациялық жоғары деңгейі - 11 оқушы, орташа деңгейі - 4, сыртқы мотивация - жоқ. Оқушылардың мектепке бейімделуі қалыпты жағдайда өтуде деген қорытынды жасалды.



Керн Йерасек әдістемесі 1 сынып оқушыларының мектепке даярлығын анықтау мақсатында. Қатысқаны: 11 оқушы.

Диагностиканың нәтижесі бойынша 1 класс көрсеткіші:

3-6 жоғары - 10 бала

7-9 орташа - 1 бала

10-11- төмен - жоқ

12-15 терең диагностиканы керек етеді - жоқ



Социометрия әдістемесі 5-11 кластарға тұлғаларық қарым-қатынастарын анықтауға жүргізілді. Қатысқан оқушы саны: 107. Класс ішіндегі қарым-қатынасты жақсарту мақсатымен әрбір оқушының жағдайына, аз таңдалған оқушыларды ортаға тарту.Түзету-дамыту, ағартушылық жұмыстарын жүргізу.

№	Кіммен	барлығы	лидер	лидерге бейім	топқа қабылданады	Аз таңдалған
	5-11 класс	107	7	8	88	4

Зунге сауалнамасының мақсаты:депрессиялық жағдайларды және депрессияға жақын жағдайларды дифференциалды диагностикалау мақсатында 6-7 кластар арасында жүргізілді. Әдістемеге 21 оқушы қатысты. Диагностика қорытындысы бойынша депрессия және мазасыздану деңгейі қалыпты нәтижені көрсетті.Сынып жетекші тарапынан оқушылардың күнделікті психологиялық эмоциональдық мазасыздық көңіл-күйін жағдайын бақылап отыру керектігі туралы ұсыныс берілді.

«Оқушылар арасында буллингтің алдын алу бағытында 8-11кластар арасында анонимді онлайн сауалнама алып зерделеу жүргізілді. Қатысқаны : 71 оқушы Оқушылардың сауалнамаға білдірген пікірлері қалыпты,ешқандай оқушы зорлықтың әлімжеттіктің құрбаны болмағаны анықталды.

Мектебімізге жаңадан келген оқушылардың бейімделу кезеңінде қолдау көрсету мақсатында сауалнама алынып, жеке сұхбат жүргізілді. Қатысқаны – 5 оқушы.

Диагностиканың атауы/авторы/ : Айзенк тесті қобалжу, фрустрация, агрессия және ригидтілік деңгейлерін анықтау мақсатында. Әрбір шкала бойынша орташа ұпай -10. Одан жоғары болуы тұлға құрылымында сол қасиеттің басымдылығын көрсетеді.

№	класс	саны	9-10 орташа	11-баллдан жоғары көсеткіш
1	8-класс	20	3	0
2	9-класс	15	6	Қобалжу шкаласы 11 ұпай 1-оқушы
3	10-класс	14	1	0
4	11-класс	22	5	Регидтілік шкаласы-13 ұпай 1-оқушы
5	Барлығы	71	15	0
6	Жартылай сұхбат	15		анықталған жоқ.

Әдістеме қортындысы бойынша 10 баллдан жоғары көрсеткіштегі 2 оқушымен және 10 балл көрсеткішіндегі оқушылармен де жартылай сұхбат жүргізілді. Сұхбат барысында асығыс жауап бергендігі, немқұрайлы қараған, ТЖБ кезіндегі қобалжулары берілгенді байқалды. Оқушылардың қобалжу, агрессия деңгейлерін қалыпты деңгейде ұстау үшін, психологиялық жаттығулар,түзету-дамыту жұмыстары жүргізу.

Филлипс сауалнамасы. Оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында.

класс	қатысқаны	Жартылай сұхбат шақырылған	анықталғаны
5 класс	15	7	2 (балалардың оқу үлгерімі мәселесі бойынша орташадан жоғары көрсеткіш)
6-класс	12	2	0
	27	9	2

Оқушылар жартылай сұхбатқа шақырылды. Сұхбат барысында сұрақтарға дұрыс түсінбегендіктерін, мән бере оқымағандықтарын айтты.

Кондаш әдістемесі оқушылар бойындағы мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында.

класс	қатысқаны	Жартылай сұхбат шақырылған	анықталғаны
7 класс	9	Мазасыздану күйі қалыпты	жоқ

- Мазасыздану күйі қалыпты - 55% Мазасыздануы аздап жоғары –0 %
- Мазасыздануы жоғары –0 % Мазасыздануы өте жоғары –0 %
- Шамадан тыс тыныштық – 45 %

Голланд әдістемесі кәсіби бағдар беру мақсатында 9,11 кластарға жүргізілді. Қатысқаны: 37 оқушы. Нәтижесі:

Реалистік тип	Зияткерлік тип	Әлеуметтік тип	Конвенциялық тип	Іскерлік тип	Өртістік тип
2	5	12	2	11	5

Ата-аналары, класс жетекшілеріне, баланың мамандық таңдауын да, тұлғаның типтік түрлерін ескеру керек екендігіне ұсыныс берілді.

«Сіздің қарым-қатынас стиліңіз агрессивті ме, әлде бейбітшіл ме?» сауалнама мұғалімдермен жүргізіліп, қорытындысы таныстырылып, ұсыныс берілді.

агрессивті	Бейбітшіл	Икемді немесе қашқақтайтын
3	25	0

Диагностиканың атауы/авторы/ : Спилберг -Ханин . Спилберг – Ханиннің мазасыздық деңгейін анықтау сауалнамасы.

Мақсаты:. Спилберг – Ханиннің мазасыздық деңгейін анықтау сауалнамасы жасөспірімдердің ситуациялық мазасыздық , жеке мазасыздық шкаласы анықтау.

№	класс	саны	Жартылай сұхбатқа	Анықталғаны
1	8-класс	20	7	0
2	9-класс	15	9	1
3	10-класс	14	11	0
4	11-класс	22	7	0
5	Барлығы	71	34	1

Тақырыбы: Оқушылардың дін туралы көзқарасы, пікірлері.

Жүргізілді: 8-9-10-11 класс

Қатысқан оқушы саны: 67 .

Қорытынды: Оқушылардың дінге көзқарасы түзу, өз түсініктері қалыптасқан, дін туралы білімдері қанағаттанарлық

Темперамент типтерін анықтау.

Мақсаты: Темперамент типтерін анықтау мақсатында тест.

Барлық қатысқаны	холерик	сангвиник	флегматик	меланхолик
155	11	54	83	7

«Кактус» әдістемесі

Мақсаты: Жеке өзінің ерекшеліктерін жағымды және жағымсыз мінез-құлық бітістерін тану. Қорытынды: Психологиялық ахуал жақсы қалыптасқан.

https://www.instagram.com/p/DGPsTmBo6VB/?utm_source=ig_web_copy_link

Тақырыбы:Баспалдақ әдістемесі. Мақсаты: Жеке тұлғаның өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау.

№	класс	саны	Жалпы өзін-өзі бағалау көрсеткіші.
1	1-класс	11	91%
2	2-класс	10	79%
3	3-класс	8	97%
4	4-класс	18	93%
5	Барлығы	47	80%

Әдістеме: Ақыл – ой деңгейін анықтау тестісі Э.Ф.Замбацявичение.

Жалпы зерттеуге қатысқан: 4 класс оқушылары.

Мақсаты: Оқушылардың жалпылау қабілетін анықтау.

4- класс бойынша	жоғарғы	орташа	төмен
Барлығы 18 оқушы	3 оқушы-	14 оқушы-	1 оқушы-

Қорытынды: Логикалық ойлау процесін анықтау барысында 4 сынып оқушыларының 18 оқушы қатысты нәтижесінде: 1 оқушы төмен деңгейде. Бастауыш мұғаліміне логикалық ойлау қабілетін дамытуға байланысты көбірек жұмыстану ұсынылады.

Диагностиканың тақырыбы: Таным процестерін зерттеу.
 Мақсат: Таным процестерінің деңгейін анықтау. Қатысқаны: 36 оқушы
 Қорытындысы:

№	Оқушының аты-жөні	дыбыстық есте сақтау	көріп есте сақтау.	Моторлы дыб. есте сақтау	Көру-есту-моторлық ес	Санды есте сақтау.	Көрнекі - бейнелеп ойлау.
1	2-класс	73%	75%	76%	72%	71%	76%
2	3-класс	91%	82%	64%	67%	74%	87%
3	4-класс	87%	68%	62%	61%	60%	68%
	Жалпы	83%	75%	67%	67%	68%	77%

Қорытынды бойынша мынадай ұсыныс берілді.

Төмен деңгей көрсеткен оқушылармен үнемі сабақ барысында жұмыстану.

- Ата-аналарына түсіндіру жұмыстарын үнемі жүргізу.
- Оқушылардың танымдық процестерін дамыту мақсатында түрлі әдістерді пайдалану.
- Оқушылардың ақыл-ойдың даму деңгейін көтеруде қосымша сабақтарға қатыстыру.
- Көрнекі –бейнелеп ойлау деңгейі жоғары деңгейде. Таным процестерін дамыту мақсатында пән мұғалімі сабақтарда көрнекілікпен және математика сабағында санды есте сақтауға байланысты жаттығуларды көп пайдалану қажет.

Диагностиканың тақырыбы: Сенің кәсіби ой-ниетің. сауалнама

Мақсат: оқушылардың алға қойған мақсаттарың , кәсіби ой-ниетің білу.

Қатысқаны: 13 оқушы

Қорытынды: Сауалнамаға өз деңгейлерінде жауап берді.

Мамандықтың түрлерімен таныстыру, мамандық таңдауға бағыт-бағдар көрсету сабағын жүргізу, класс жетекшіге ұсыныс берілді.

Тақырыбы: Оқушылардың дін туралы көзқарасы, пікірлері.

Жүргізілді: 10 - 11класс

Қатысқан оқушы саны: 36.

Қорытынды: Оқушылардың дінге көзқарасы түзу, өз түсініктері қалыптасқан, дін туралы білімдері қанағаттанарлық.

Тақырыбы: ҰБТ –ға дайындығың қалай?

Жүргізілді: 11 - класс

Қатысқан оқушы саны: 22

Ата-анаға, мұғалімдерге ұсыныс:

- Өткендегі қателіктері мен шалыс басуларына жиі көңіл аудармай, мінезінің оң жақтарына өзгеруіне назар салыңыз;
- Баланың қолынан келетін тапсырмаларды таңдай отыра, оның сенімсіздігінің, қателік жіберуден және сәтсіздіктен, жаңа істен қорқудың алдын алу.

Диагностиканың атауы/авторы/ : «Жалғыздықты сезіну шкаласы» әдістемесі

С.Г.Корчагина

Зерттеудің мақсаты: Бұл сауалнама сыналушының қазіргі кездегі жалғыздық деңгейін

№	Сауалнамаға қатысқан кластар	Оқушы саны	Сауалнамаға қатысқан оқушы саны	Сауалнамаға қатыспаған оқушы саны	С. Г. КОРЧАГИНА «ЖАЛҒЫЗДЫҚТЫ СЕЗІНУ ШКАЛАСЫ»			
					12-16ұпай – адам қазір жалғыздықты сезінбейді	17-27ұпай – мүмкін болатын жалғыздықты таяз бастан өткеру	28-38ұпай – өзекті жалғыздықты терең бастан өткеру	29-48 ұпай – жалғыздықты өте терең бастан өткеру, осы күйге ену.
1	8	20	20	-	3	17		
2	9	15	15	-	1	14		
3	10	14	14	-	1	13		
4	11	22	22	-	1	21		
Барлығы		71	71	-	6	65		

« Жаңбыр астындағы адам » әдістемесі

Зерттеудің мақсаты: Жағымсыз жағдайларға қарсы тұру қабілетін, қорғаныс

механизмдерінің қасиеттері мен жеке тұлға резервтерін анықтау

№	Сауалнамаға қатысқан кластар	Оқушы саны	Сауалнамаға қатысқан оқушы саны	Сауалнамаға қатыспаған оқушы саны	Анықталған Бала саны	Сұхбатқа шақырылған бала саны
1	5-класс	14	14	0	4	4
2	6-класс	12	12	0	2	2
3	7-класс	8	8	0	1	1
	Барлығы	34	34	0	7	7

Диагностиканың атауы/авторы/ : Балалармен жасөсірімдердегі суицид қаупінің болжамдық кестесі, ав. А.Н.Волкова

Зерттеудің мақсаты: Балалар мен жасөспірімдер арасындағы келеңсіздікті анықтау.

Болжамдық кесте әлеуметтік педагог, класс жетекшілермен бірлесіп толтырылды.

№	Зерделенген кластар	Оқушы саны	Анықталған оқушы саны
1	6	12	0
2	7	9	0
3	8	20	0
4	9	15	0
5	10	14	0
6		70	

Түзету-дамыту бағытында «Кел танысайық», «Алақай мен оқушымын» тренингі МАД және бірінші сынып оқушылармен танысу, бейімделу кезеңінде қолдау көрсету мақсатында өткізілді. Оқушылар көңілді, белсенді, өз ойларын еркін білдірді, қойылған сұрақтарға таласа жауап берді, сонымен қатар сенімділігін, стрессті жеңе білуге, көңіл-күйлерін көтеру, сергіту мақсатында тренингтер жүргізілді.

«Отбасым менің тәртібім» тренингі 7-класс. Мақсаты: Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Отбасында балалар өзін-өзі тану, тұлғалық даму тәсілдерін таба білу. Көңіл-күйді және эмоцияны реттеу, байланыс және өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

https://www.instagram.com/p/C_x8GVUIfKV/?utm_source=ig_web_copy_link

«Ұбт мен үшін маңыздылығы қандай?» тренингі 11-класс. Оқушылардың өзін тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стрессті жеңуге жол көрсету.

«Мен және менің ортам» тренинг 5-класс оқушыларымен жүргізілді. Мақсаты: өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру.

Бастауыш класс оқушыларымен жағымды көңіл-күй сыйлау мақсатында "Көтеріңкі көңіл күй" жаттығуы жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/Dld9P6BoqO9/?utm_source=ig_web_copy_link

8-9 класс оқушыларымен, буллингтің зияны туралы хабардар етіп, жағымды қарым-қатынас орнатудың жолдарын үйрету, оқушылардың өз сезімдерін түсініп, оларды дұрыс бағытта қолдануға көмектесу мақсатында «Буллингтің алдын алу және дұрыс қарым-қатынас орнату» тренинг жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/DCqeQs-gOKM/?utm_source=ig_web_copy_link

«Күзгі каникул кезіндегі іс-шаралар» жоспары бойынша 6-8 класс оқушыларына "Буллинг және Кибербуллингтің алдын-алу" профилактикалық жұмыс жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/DByiE0FIWbt/?utm_source=ig_web_copy_link

«Менің мектептегі сезімім» тақырыбында 5-класс оқушыларымен тренинг.

Мақсаты: Ерікті бақылау дағдысын дамыту және көңіл-күйді реттеу.

https://www.instagram.com/p/DDtbw_TA-93/?utm_source=ig_web_copy_link

«Мен өміріме, қажеттілігіме жауаптымын» 10-класс оқушыларымен тренинг.

Мақсаты: Жеке тұлғаның өзіндік қарым – қатынасын дамыту, бойына жағымды қасиет сіңіру, агрессия, қобалжуды басуға жаттығулар жасату, оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын нығайту.

https://www.instagram.com/p/DDtb6heAl8G/?utm_source=ig_web_copy_link

«Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу тренингі 5-8 сынып оқушыларына «Мен өзімді мақтай аламын» тақырыбында жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың өздеріне деген сенімділіктерін арттыру, өз мүмкіндіктерін анықтап, қоғаммен және өзара қарым-қатынасындағы жарасымды мінез ерекшеліктері мен сенімді мінез-құлықтарын қалыптастыру.

https://www.instagram.com/p/DDGqxQGIakO/?utm_source=ig_web_copy_link

«Қауіпсіз қоғам. Зорлыққа жол жоқ!» атты апталықта «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында 3-4-5 класс оқушыларымен тренинг жүргізілді. Мақсат: Білім алушыларға зорлық -зомбылық туралы қысқаша ақпарат беру, адамның ең жаман қасиеттерінің бірі екенін айту. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау. https://www.instagram.com/p/DCUAv7xgeeR/?utm_source=ig_web_copy_link

«Өзара құрмет және қолдау: Буллингтің алдын алу жолдары» тренинг. Оқушыларға өзара құрмет, достық қарым-қатынас орнату және бір-біріне қолдау көрсету дағдыларын үйрету. Олардың әлеуметтік дағдыларын және өзін-өзі бағалауды дамыту мақсатында 7-8 класс оқушыларымен жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/DGPsIDYojDD/?utm_source=ig_web_copy_link

Бастауыш класс оқушыларымен қабылдау және есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді.

Мақсат: Оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту, ерік сезімдерін және өзін-өзі тәрбиелеуге ықпал ету.

https://www.instagram.com/p/DGfvGnooIR4/?utm_source=ig_web_copy_link

«Күйзелістен қалай арылуға болады?» тренинг 8-9 класс оқушыларымен, күйзеліске теориялық тұрғыдан хабар беріп, оны бейтараптандыру мен шешу жолын көрсету, Ішкі күшті ояту, жүйкені тыныштандыру, бейсананы дамыту мақсатында дамыту-түзету жаттығуы және консультация берілді. «Біз және біздің сынып» тренингі 5-класпен жүргізілді. Мақсат: мектепте оқу барысында туындаған қиындықты жеңу, қобалжу деңгейін білу және төмендету.

9,11 сынып оқушыларымен «Мамандықтар әлемінде» атты апталық жоспары бойынша педагог-психолог Ш.Тайборина «Мен және менің болашақ мамандығым» атты тренинг.

https://www.instagram.com/p/DF-j1llIZr/?utm_source=ig_web_copy_link

Оқушылармен " Буллингті тоқтат", " Бірге шешім іздейік" тақырыбында ойын жаттығулары жүргізілді. Мақсат: Оқушыларды бір-біріне қолдау көрсетуге және сенімді қарым-қатынас орнатуға үйрету. Буллингке тап болған кезде дұрыс шешім қабылдауға , дұрыс әрекет ету керектігін, қиындықты бірге шешуге үйрету.

<https://www.instagram.com/p/DG4zv5WoEsw/?igsh=MXJ0bnJxejV3dmdvMw==>

9 -класс оқушыларымен “ Қарым-қатынас” тренингі жүргізілді. Мақсат: Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын жақсарту негізінде оларды адалдыққа, достыққа тәрбиелеуге үйрету. https://www.instagram.com/p/DGfpZpYoCQz/?utm_source=ig_web_copy_link

" Буллингтің алдын-алу және дұрыс қарым-қатынас орнату" тақырыбында тренинг 5-7 класс оқушыларымен жүргізілді. Мақсат: Буллингтің зияны туралы хабардар етіп, жағымды қарым'- қатынас орнатудың жолдарын түсіндіру. Оқушыларды бір-біріне сенімді қарым-қатынас орнатуға үйрету. Буллингке тап болған кезде дұрыс шешім қабылдауға , дұрыс әрекет ету керектігін, қиындықты бірге шешуге үйрету.

https://www.instagram.com/p/DHV9g6VoaeV/?utm_source=ig_web_copy_link

8-класс оқушыларымен “ Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын” тақырыбында тренинг жүргізілді. Мақсат: Зорлық- зомбылық туралы ақпарат беру. Зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттен бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу

https://www.instagram.com/p/DIQlokUoFGx/?utm_source=ig_web_copy_link

11-класс оқушыларымен сенімді мінез-құлықты дамыту мақсатында “Сенім - менің серігім” тақырыбында тренинг жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/DJ9MQadl78c/?utm_source=ig_web_copy_link

Профилактика бағытында :

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 9-11 сынып оқушыларымен кездесіп, мектеп директоры «Құқықбұзушылық және заңды жауапкершілік», ТІЖО «Электронды темекінің зияны» тақырыбында лекция оқып, педагог-психологы «Менің қауіпсіз ортам» тақырыбында түсінік жұмыстарын жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/C_k3oySgWXd/?utm_source=ig_web_copy_link

«Із кесуші» психологиялық акциясы 5 сыныптар арасында өткізілді. Акцияның мақсаты: оқушыларды орта буынға бейімдеу, мәдениетті мағыналарын қоса отырып өмірлік деңгейлерін кеңейту. Акция барысында оқушылардың белсенділігі жоғары деңгейде болды, берілген сұрақтарға ізденіспен, қызығушылық танытып тезірек шешімін табуға тырысты.

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, жыныстық қол сұғылмаушылық, ерте жүктіліктің, зорлық-зомбылықтың, суицидтің алдын алу, рейд, тиым салу заттарды әкелмеу туралы жасөспірімдер және ата-аналар арасында төмендегідей жұмыстар атқарылды.

Облыстық білім басқармасының қатынас негізінде «Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі» «Балалар қауіпсіздігі, интернеттегі қауіпсіздік, тренд болған онлайн ойындар туралы»

тақырыбында мектепшілік ата-аналарға, педагогикалық ұжымға балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлеуметтік желіні шектеу, балалардың онлайн ойындарына шектеу қою мақсатында түсінік жұмыстары жүргізілді. Соңғы кездегі болып жатқан келеңсіз жағдайларға да байланысты барлық мектеп оқушыларымен «Жасөспірімдер арасында буллингтің алдын алу» дәріс, Буллинг және Кибербуллинг: әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай сақтанамыз түсіндірме жұмысы 6-8 класс оқушыларымен, «Балалар мен жасөспірімдер арасында есірткі мен басқа да зиянды заттарды пайдалануды алдын алу» тақырыбында 9-11 класс оқушыларымен дәріс оқылып, түсіндірме жұмысы жүргізілді. «Балалар қауіпсіздігі, интернеттегі қауіпсіздік, тренд болған онлайн ойындар туралы» 5-7 класс оқушыларымен түсінік жұмыстары, «Буллинг, кибербуллинг дегеніміз не?» психологиялық сабақ бастауыш класс оқушыларына жүргізілді.

«Жыныстық тәрбие және жүктіліктің алдын алудағы отбасының ролі» ата-аналармен ерте жүктіліктің алдын-алу мақсатында дәріс оқылып, түсіндірме жұмысы жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/DBycvJ4g0rN/?utm_source=ig_web_copy_link

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, берекелі отбасы мәдениетін қалыптастыру мақсатында ата-аналармен, тәрбие-ісі жөніндегі орынбасыры, класс жетекшілерімен бірлескен түрде педагогикалық қолдау жүйелі жүргізілуде.

Балаға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгез қараудың алдын-алу жөніндегі іс-шаралар жоспары сәйкес «Жанұяда зорлық-зомбылық болмасын» тақырыбында ата-аналармен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу мақсатында дәріс оқылып, ортақ мәселе бойынша ой бөлісті.

https://www.instagram.com/p/DCWj6o_ACLp/?utm_source=ig_web_copy_link

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ер балалармен «Тыйым салынған заттар», «Әлеуметтік желінің зияны», «Ерте жүктіліктің алдын алу» (қызбалаларға кеңес), тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмауына қарсы қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікті түсіндіретін жадынама дайындап, таратып, түсінік жұмысын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/DHVf50WlQAh/?utm_source=ig_web_copy_link

«Қыздарға арналған психологиялық 40 кеңес» кеңес беру және профилактикалық жұмыс жүргізді. https://www.instagram.com/p/DlOp5vboB0z/?utm_source=ig_web_copy_link

"Лудоманиядан аулақ болыңыз" тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді. Мақсат: Лудоманияның пайда болуымен дамуы, лудоманияның таралу әдістерін анықтау, компьютерлік ойындардың физикалық және психологиялық әсері туралы түсінік беру.

<https://www.instagram.com/p/DGk6j5GoUHt/?igsh=a2RhaWpsaXVmcHpj>

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мәселелері және оны шешу жолдары" тақырыбында ата-аналармен профилактика жұмыс жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/DGN-7jaIMC7/?utm_source=ig_web_copy_link

Оқушыларға діни экстремизм туралы мағлұмат беру, теріс діни ағым дегеніміз не екендігін тренинг арқылы жеткізу, діни сауаттылықты қалыптастыру, жалпы дін туралы түсінік беру, дұрыс көзқарас қалыптастыру мақсатында "Діни экстремизмнің психологиялық аспектілері" тақырыбында психологиялық тренинг жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/DFK3pTioq-V/?utm_source=ig_web_copy_link

Кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмауына қарсы қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікті түсіндіретін жадынама дайындап, таратып, 9-11 класс қызбалаларымен түсінік жұмысын жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/DHVf50WlQAh/?utm_source=ig_web_copy_link

5-11 класс оқушыларымен аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мақсатында "Вейп - денсаулыққа өте қауіпті!" тақырыбында электронды темекінің зияны, электронды темекінің

түрлері, адам организміне әсері туралы ақпараттар берілді.

https://www.instagram.com/p/DHWPFEkRzA9/?utm_source=ig_web_copy_link

«Көмек сұрау – әлсіздік емес» жадынама. онлайн форматта ата-аналармен. Мақсаты:

Эмоционалдық күйзелісті төмендету.

https://www.instagram.com/p/DIgrEgglP1i/?utm_source=ig_web_copy_link

"Психикалық денсаулық деген не?" тақырыбында түсіндірме ақпарат беру. онлайн класс жетекшілермен. Мақсаты:Психикалық денсаулық туралы түсінік беру.

https://www.instagram.com/p/DIGsobvICE0/?utm_source=ig_web_copy_link

" Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы өзгерістерді байқау" тақырыбында ата-аналармен кездесу өтті. Мақсат:Мінез-құлқында өзгерістерді байқау, оларды түсіну және қабылдау бойынша ата-аналарға қолдау беру. https://www.instagram.com/p/DIjIsAOoGDW/?utm_source=ig_web_copy_link

"Психикалық денсаулық деген не?" тақырыбында түсіндірме ақпарат беру.

Мақсаты:Психикалық денсаулық туралы түсінік беру.

https://www.instagram.com/p/DIts-7EIlkQ/?utm_source=ig_web_copy_link

«Стресті жеңу жолдары» ПСИХО-TIME (онлайн)

Мақсаты: Шаршау мен эмоционалдық стрессті жеңілдету жолдарын айту.

https://www.instagram.com/p/DIwF-Xmoqi7/?utm_source=ig_web_copy_link .

«Селф-храм және оның белгілері» семинар-практикум.

Мақсаты:Селф-храм белгілерін тануға, психологиялық себептерін анықтауға және қандай көмек беруге болатынын үйрету.

https://www.instagram.com/p/DIyvl3Ao0-4/?utm_source=ig_web_copy_link

«Эмпатиялық тыңдау және қолдау көрсету дағдыларын дамыту» тренингтік элементтері бар топтық кездесу. Мақсаты: Өзіндік жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеуге мотивациясын ояту, әлеуметтік дамыту, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.

https://www.instagram.com/p/DI1EQ2cIqGI/?utm_source=ig_web_copy_link

«Сен агрессияны қалай жеңесің?» бейнеролик, «Мен агрессияны қалай жеңемін» эссе. 9-11 класс,

«Балаларымызды буллингтен қорғайық» ата-аналарға жадынамамен таныстыру, әлеуметтік желіге жадынамалар жариялау.

https://www.instagram.com/p/DHYIzXOoRsk/?utm_source=ig_web_copy_link

Жасөспірімдердің денсаулығы және өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу” тақырыбында мектеп ұжымымен, кіші қызметкерлерімен түсіндірме жұмысы жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/DJlWBjdlXPP/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/DJrZ8snlCuO/?utm_source=ig_web_copy_link

Ата-аналармен балалар арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту баланың эмоциялық әлемін түсінуге бағыт беру, тәрбиедегі психологиялық қолдау көрсету мақсатында ата-аналармен “Баланың жүрегіне жол” кездесу өтті.

https://www.instagram.com/p/DJ9Mnm0I5Xu/?utm_source=ig_web_copy_link

1 маусым -Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған “Қазақстан балалары” атты іс-шаралар жоспарына орай, ата-аналармен “Бала тәрбиесіндегі жаза мен тәртіп” тақырыбында тренинг жүргізілді. https://www.instagram.com/p/DJ_oIrioAcz/?utm_source=ig_web_copy_link

Кеңес беру бағытында :

Жаңадан келген оқушылармен оқушылармен сөйлесіліп сауалнама алынып бейімделу кезеңі бағдарланды. Бастауыш сыныптарға қабылданған балаларды мектеп күн тәртібіне бейімделуіне көмектесу бағытында жаңадан келген оқушыларға, сынып жетекшілеріне, ата-аналарға кеңес берілді.

«Баланы білім алуға психологиялық тұрғыда дайындау» 1-класс ата-аналарымен , 5 класс оқушыларының ортаңғы буынға бейімделу жағдайы тақырыптарында кеңес берілді.

Мазасыздық сезімінен қалай арылуға болады, Стресс дегеніміз не? «Қыздарға арналған 40 кеңес» кеңес беру және профилактика жұмысы.

«Жарқын болашақ иесі – бүгінгі жас маман» тақырыбында мұғалімдерге, «ҰБТ мен үшін маңыздылығы қандай? тақырыбында 11-класс оқушыларына «Жыныстық тәрбие және жүктіліктің алдын алудағы отбасының ролі» ата-аналарға, «Емтихан кезіндегі стресстен қалай арыламыз?» тақырыбында 11-класс оқушыларына кеңес берілді.

Әлеуметтік-диспечерлік бағытында:

Мектепшілік бақылау, тәуекел тобында жыл басында 3 оқушы бақылауға алынды. Өгей әкемен, өгей анамен тұратын 2 оқушы, ерекше білімді қажет ететін 1 оқушы, әлеуметтік жағдайы бойынша 1 оқушы бақылауға алынды. Өгей әке мен өгей анамен тұратын балалар, отбасы жағдайына байланысты және басқа мектепке кеткендігіне орай, қараша айының 22-сінде тәуекел тобынан шығарылды. Сонымен қатар диагностика(Филлипс) қорытындысы бойынша 2 оқушы алынынып, бақылау жұмыстарының нәтижесінде 21.02.2025ж мобилдік топтың отырысы негізінде, тәуекел тобынан алынды. Спилберг – Ханниннің мазасыздық деңгейін анықтау сауалнамасы бойынша – 1 оқушы тәуекел тобына қосылды.

Оқушылар себепсіз сабақтан қалмайды, сабақ кезінде, өздерін өзі ұстауы, сыныптастарымен қарым-қатынастары жақсы, тез тіл табысып кетеді. Жалпы мектеп ережесін бұзған емес, оқушы міндетін сақтайды. Бұл оқушылардың көңіл-күйі, сыныптастарымен қарым-қатынасы сырттай бақыланып отырды. Сыныптарымен түзету-дамыту, диагностикалық жұмыстар жүргізілгенде оқушыларға ерекше назар аударылып қадағаланып отырылды, ата-аналармен бірігіп тығыз байланыста болып алдын алу шаралары жүргізілді. Оқушылармен алдын алу, диагностикалық зерттеулер, профилактикалық алдын алу, түзету-дамыту жұмыстары жүйелі жүргізіледі.

Жоғары буын, орта буын оқушыларға, ата-аналарға балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында интернеттегі қауіпсіздік, шынайы өмірдегі буллинг және кибербуллинг, балалар арасында өршіп келе жатқан тренд болған онлайн ойындар және әлеуметтік желідегі алаяқтықтың алдын алу бағытында түсінік жұмыстары жүргізілді. Бұл бағыттағы алдын алу жұмыстары әліде жалғасын табады.

Психологиялық қызмет бойынша 2024-2025 оқу жылының статистикалық есеп:

Диагностикалық жұмыс:	Түзету - дамыту бағыты бойынша:	Психопрофилактикалық жұмыс	Консультациялық жұмыс бойынша: (жеке және топтық)		
			оқушы	Ата-ана	мұғалім
68	43	58	79	15	11

Сенім жәшігі мен сенім телефоны жұмыс жасайды.

Мектепте сенім телефоны 8 (71332)74- 5- 44 болып белгіленген. Жеке бас мәселесі бойынша қойылған сұрақтарға мектеп психологы өз жауабын беріп, жеке кеңестер берілді. Оқушыларды, мектеп мұғалімдерін, ата-аналарды, жұмысшыларды, көкейінде жүрген жағдайлармен, өздері туралы толғандырған түрлі сұрақтар туындайды. Аталмыш сұрақтарды шешу үшін мектепте сенім жәшігі пайдаланылды. Осыған орай мектепте сенім жәшігі көрнекті жерде орналастыру, қадағалау мектеп психологына міндеттелді.

Жылдық жұмыс жоспарындағы әдістемелер өткізіліп, қорытындылары, анықтамалары жазылды. Жүргізілген жұмыстарды жүйелі түрде орындап, электронды журналға уақытылы салынып отырды.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ

1. «JAN ANUAL» психологиялық қолдау орталығы КММ - Алғыс хат -2024ж
2. «Келеңсіз жағдайлардың алдын алу және отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында профилактикалық жұмыстар» тақырыбындағы аудандық семинарда жоғары кәсіби деңгейде өз тәжірибесімен бөлісіп, шығармашылық ізденістері мен шеберлігін көрсеткені үшін “Алғыс хат” 2024 жыл, 27 қараша

Іс - тәжірибе алмасу.

- 1.«Қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған әдістер» тақырыбында Ақшатау орта мектебінде семинарға қатынастым.
- 2.«Оқушылардың эмоционалды интелектісін дамытудағы маңызды қадамдар» тақырыбында Ш.Бекмұханбетова атындағы мектеп гимназияда семинарға қатыстым.
3. «Келеңсіз жағдайлардың алдын алу және отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында профилактикалық жұмыстар» тақырыбындағы Жақсыбайкөл негізгі мектебінде семинарға қатыстым.
- 4.«Білім беру ұйымдарындағы мобильдік топтың жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында аудандық семинарда іс тәжірибиемді тараттым.
- 5.Білім толықтыру: Өркен 80 сағат "Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын-алу" 04.10. 2024-2025 оқу жылы
6. «Жасөспірімдік кезеңдегі оқушылардың тұлғалық дамуына психологиялық көмек» әдістемелік құрал - 2024ж Ақтөбе әдістемелік орталығы.

Құрман орта мектебі» КММ 2024-2025 оқу жылы жылдық жұмысына SWOT- талдау.

S – мықты	W – Әлсіз
Оқушылармен келеңсіздіктің алдын-алу жұмыстары. Ата-анамен алдын-алу жұмыстары. Курстан өттім.	Жоспардан тыс сауалнамалар. Қатынас қағаздардың көп келуі Бейімделу деңгейіне 1-класқа түзету- дамыту.
O –мүмкіндіктер	T – қауіптер
Сабақтарды қызықты өту үшін жаңа идеялар ойластыру, іздену. Кабинеттердегі Жаңашылдыққа ұмтылу.	Интернет жүйесінің дұрыс жүрмеуі. Уақытты тиімді пайдалану.

Жоғары буын, орта буын оқушыларға, ата-аналарға балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында интернеттегі қауіпсіздік, шынайы өмірдегі буллинг және кибербуллинг, балалар арасында өршіп келе жатқан тренд болған онлайн ойындар және әлеуметтік желідегі алаяқтықтың алдын алу бағытында түсінік жұмыстары жүргізілді. Әліде алдын алу жұмыстары жалғасын табады.

Ата-аналармен, педагогтармен және оқушылармен психоэмоционалдық жағдайын тұрақты бақылау, келеңсіз оқиғалардың алдын-алу мақсатында профилактикалық тренингтер мен тақырыптық дәрістермен ақпараттар беріліп, кері байланыстар жасалды.

МЕКТЕПТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША 2024–2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Білім беру ұйымының атауы: №_ жалпы білім беретін мектеп

Психологтың аты-жөні: _____

Есеп беру мерзімі: 2024–2025 оқу жылы

I. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Оқушылар саны: ____

Сыныптар саны: ____

Психолог жүктемесі (сағат): ____

Қызметтің бағыттары:

Диагностика

Түзету-дамыту жұмысы

Кеңес беру

Профилактикалық жұмыс

Психологиялық ағарту

II. ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

Қызмет түрі	Мақсаты	Қамтылған оқушылар саны	Әдістемелер атауы	Қорытынды
-------------	---------	-------------------------	-------------------	-----------

1-сыныпқа бейімделу диагностикасы	Мектепке бейімделуін анықтау	45		
«Мектепке бейімделу сауалнамасы», бақылау				
		12 оқушыға түзету ұсынылды		

9-сынып – кәсіби бағдар	Қабілет пен қызығушылықты анықтау	60	Голланд әдістемесі, Темперамент тесті	
		20 оқушыға кеңес берілді		

Барлығы диагностикалық зерттеумен қамтылған оқушылар саны: ____

III. ТҮЗЕТУ-ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ

Жұмыс түрі	Қамтылған топ	Сағат саны	Тақырыбы	Нәтижесі
------------	---------------	------------	----------	----------

Топтық түзету	5-сынып, 8 оқушы	10 сағат	«Өзін-өзі бағалауды дамыту»	Өзін-өзі бағалау деңгейі көтерілді
---------------	------------------	----------	-----------------------------	------------------------------------

Индивидуалды жұмыс	3 оқушы	Аптасына 1 рет	«Агрессияны реттеу»	Эмоционалды тұрақтылық артты
--------------------	---------	----------------	---------------------	------------------------------

IV. КЕҢЕС БЕРУ ҚЫЗМЕТІ

Кеңес алушылар	Саны	Негізгі мәселелер	Қысқаша қорытынды
----------------	------	-------------------	-------------------

Оқушылар	42	Қарым-қатынас, күйзеліс, мотивация	Жеке жоспар құрылды
----------	----	------------------------------------	---------------------

Ата-аналар	28	Тәрбиелеу, отбасылық қарым-қатынас	Кеңестер берілді
------------	----	------------------------------------	------------------

Мұғалімдер	15	Сыныптағы қиын мінезді оқушы	Психологиялық ұсыныстар берілді
------------	----	------------------------------	---------------------------------

V. ПСИХОПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

Тақырыптық апталықтар: «Психология апталығы», «Зорлық-зомбылықсыз мектеп»

Тренингтер, іс-шаралар:

«Қарым-қатынас мәдениеті» (7-сынып)

«Мен – көшбасшымын» (9-сынып)

Жаднамалар мен буклеттер: 200 дана таратылды

VI. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ

Мұғалімдерге семинар: «Эмоционалды жану синдромының алдын алу»

Ата-аналар жиналысында баяндама: «Жасөспіріммен тиімді қарым-қатынас»

Өз білімін жетілдіру:

«Білім беру ұйымындағы буллингтің алдын алу» курсы (72 сағат)

Республикалық семинарға қатысу

VII. ҚОРЫТЫНДЫ

Жыл бойы жоспарланған жұмыстар көлемде орындалды.

Анықталған негізгі проблемалар: эмоционалды тұрақсыздық, кәсіби бағдардың жеткіліксіздігі.

Келесі оқу жылына ұсыныстар:

1-4 сыныптармен профилактикалық жұмысты күшейту;

Ата-аналармен жұмыс көлемін арттыру;

Түзету-дамыту бағдарламаларын кеңейту.

Педагог-психолог қолы: _____

Күні: «_» ____ 2025 жыл